

ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі

6B02 - Өнер және гуманитарлық ғылымдар
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

6B023 - Тілдер және әдебиет
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0230

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

B037 - Филология

(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

6B02305 - Филология (қазақ) -журналистика
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

бакалавр

(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2024 жыл

Әзірленді

БББ академиялық комитеті
АК жетекшісі Қасымова Асем Алемовна
БББ менеджері Жумагулова Алия Матаевна

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

2024 жылғы 15 қаңтардағы No 3 хаттамамен филология факультетінің академиялық сапа жөніндегі комиссия отырысында.

Филология жоғары мектебінің академиялық сапа жөніндегі комиссиясының отырысында
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды
Хаттама № 6 "06 " маусым 2024 ж.

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы "19" қаңтардағы № 6/1 хаттама.

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы 28 маусыдағы № 11 хаттама

Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қазақ журналистикасының әлемдік ақпараттық кеңістіктегі орны мен қызметтері көрсетіледі. Журналистика мен публицистика феномені, жанрларды топтастыру принциптері, олардың қызметі, жаңашылдығы турасында теориялық мәліметтер беріледі. Қазіргі ақпарат жанрының ерекшелігі, жеделділік негіздемесі, ақпаратты пішіндік және мазмұндық жағынан түрлендіре беру әдістері, дербес ақпарат, ақпараттар блогы, ақпараттармен жұмыс істеу, ақпараттық кеңістіктегі үдерістерге баға бере білуге дағдыланады.

Пәнді оқыту мақсаты

Қазіргі ақпараттық кеңістіктегі үдерістерге баға беріп, теориялық жағынан байыптама жасай отырып, қалыптасқан жанрлар жүйесінің пішіндері мен функциясының өзіндік заңдылықтарын зерделеу, жекелеген жанрлардың өзіне тән даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін ажырата білу.

Оқыту нәтижелері

ON2 Коммуникативтік мақсатқа сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік қарым-қатынас жағдайларында тілдік құзыреттілік таныту.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1)Заманауи журналистиканың жанрлық пішіндерін өмір шындығымен тығыз байланыстыра қарастыру.
- 2)Журналистикадағы әдіс-тәсілдерді меңгере отырып тарихи сабақтастық, жанрлар қызметінің ерекшеліктерін айқындау.
- 3)Қазіргі журналистика функцияларын жадында сақтап, өзіндік жазу мәнерін қалыптастырып, шеберлігін ұштау

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Журналистика тарихы

Мамандыққа кіріспе

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Студенттер филология және журналистика саласындағы негізгі, қажетті мәліметтермен танысады. Екі бағытта да кешенді оқытудың, екі мамандық бойынша оқытудың тиімділігі түсіндіріледі. Филология саласында қарастырылатын негізгі ұғымдарды көрсете отырып, филология саласындағы тың, жаңа бағыттар атап өтіледі. Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі табиғаты туралы қорытындылар, бүгінгі таңда мамандық таңдаудағы жаңашылдық, қоғамдағы мамандықтардың орны мен сұранысы талқыланады.

Пәнді оқыту мақсаты

Пән студенттерде мамандандырылған журналистік материалдарды жасау туралы терең білімді қалыптастыруға, заманауи іскерлік БАҚ-та жарияланатын материалдарды дайындау үшін ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және редакциялаудың мазмұнды, формальды және бейресми критерийлеріне жүйелі әдіснамалық және практикалық тәсілді қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON 3 Мамандықтың іргетасын құрайтын пәндер бойынша базалық білімді меңгеріп, оны іс-тәжірибеде қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Филология мен журналистика салалары бойынша дайындалатын бағыттармен таныс болу
- 2) БАҚ салаларындағы қызметтерді жүзеге асыруға қатысты ақпараттарды меңгеру.
- 3) Оқытудың барлық кезеңінде қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Экономикалық-құқықтық және экологиялық білім негіздері

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Интеграцияланған пән құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экономика, кәсіпкерлік және көшбасшылық, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері саласындағы негізгі мәселелер мен қағидаттарды қамтиды. Нормативтік құқықтық актілерді пайдалану ерекшеліктері, Қоғамның іскерлік, этикалық, қоғамдық, экономикалық, кәсіпкерлік және экологиялық нормаларын пайдалана білу. Экологиялық-құқықтық, экономикалық, кәсіпкерлік қатынастардың, көшбасшылық қасиеттердің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қағидаттарының ерекшелігі.

Пәнді оқыту мақсаты

Антропогендік әсер ету және төтенше жағдайлар жағдайында тірі организмдердің, тұтастай биосфераның жұмыс істеуінің негізгі заңдылықтарын және олардың тұрақты даму тетіктерін зерделеуден тұрады; сыбайлас жемқорлық ұғымын, оған қарсы күрестің заңдылығын, мемлекеттік қылмыстық-атқару саясатының мазмұнын түсінуден; білім алушыларда Экономикалық

теория негіздері бойынша базалық іргелі тұрақты білімді қалыптастырудан, экономикалық ойлау іскерлігі мен дағдыларын сіңіруден; студенттерді кәсіпкерлік теориясы мен практикасымен, өз ісін құру негіздерімен таныстырудан; көшбасшылық қасиеттерді дамыту және жетілдіру.

Оқыту нәтижелері

ON 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Тіршілік әрекетінің маңызды басымдықтары ретінде табиғи ортаның қауіпсіздігі мен сақталу мәселелерін талдайды;
- 2) Табиғат пайдалану және орнықты даму негіздерін білетіндігін көрсетеді, техногендік жүйелердің қоршаған ортаға әсерін бағалайды;
- 3) Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік-құқықтық актілерін білуін, оларды түсінуін және қолданылуын көрсетеді;
- 4) Экономикалық процестердің даму заңдылықтары туралы білімдерін көрсетеді, өз ұстанымын нақты тұжырымдайды, оны қорғаудағы дәлелдерді табады және нақты баяндайды;
- 5) Кәсіпкерлік қызмет түрлері мен кәсіпкерлік ортаны сипаттай алады, бизнес-жоспар құра алады, кәсіпкерлік құрылымды құрады және оның қызметін ұйымдастыра алады;
- 6) Үлкен және кіші әлеуметтік топтарды басқарудағы көшбасшылық рөлі туралы іргелі ережелерді біледі.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Бұқаралық коммуникация тілі мен стилі

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Тіл құралын баспасөзде, телевизия мен радио материалдарында орынды да сауатты қолдана білу шеберлігіне үйрету. Болашақ журналистерге публицистикалық жанрлардың тілі мен стилі туралы тиянақты білім беру.

Пәнді оқыту мақсаты

тіл құралын баспасөзде, телевизия мен радио материалдарында орынды да сауатты қолдана білу шеберлігіне үйрету. Болашақ журналистерге публицистикалық жанрлардың тілі мен стилі туралы тиянақты білім беру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Коммуникативтік мақсатқа сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік қарым-қатынас жағдайларында тілдік құзыреттілік таныту.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Журналистикадағы стильдік ерекшеліктер мен олардың тілдік табиғатын еркін меңгереді

Пререквизиттер

Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

Постреквизиттер

Медиамәтіндерді құрастыру мен редакциялау

Оқу практикасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	2
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Оқу практикасында білім алушы бірінші оқу жылында алған теориялық білімін бекітіп, оны іс-тәжірибеде қолдануға дағдыланады, жоғары курстарда болатын өндірістік практикаға дайындалады. Мамандығына қатысты жаңа әдіс-тәсілдермен танысып, өз бетімен іздену, зерттеу жүргізу іскерлігін жетілдіреді.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің алған ғылыми-теориялық білімдерін тереңдету мен бекіту

Оқыту нәтижелері

ON2 Коммуникативтік мақсатқа сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік қарым-қатынас жағдайларында тілдік құзыреттілік таныту.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Өзінің келешек кәсібінің әлеуметтік маңызын және мәнін түсінеді.

Оқу үдерісінде алған теориялық білімін тереңдетіп, мамандығы бойынша іс-тәжірибелік дағдылар жинайды

Пререквизиттер

Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

Постреквизиттер

Өндірістік практика (1)

Әдебиеттануға кіріспе

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Әдебиеттегі теориялық ұғымдардың бастапқы негіздерін меңгерту арқылы көркем шығарманы талдау, саралау, сараптау

тәсілдері қарастырылады. Көркем мәтіннің композициялық жүйесі, өлең құрылысы мен ұйқас түрлері, автор қолданған көріктеу құралдары, автордың кейіпкермен байланысы, әдеби тек пен түр, әдеби мектептер мен әр түрлі ағымдар және бағыттар, стиль түрлері туралы бастапқы ұғымдар беріледі. Алған теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана алады.

Пәнді оқыту мақсаты

Әдебиет теориясының жалпы мәселелері сараланып оқытылады. Әдеби теориялық ұғымдардың ғылыми сипаттамалары талдананып, көркем мәтіннің эстетикалық табиғаты, әлеуметтік мәнін, өзіне тән ерекшеліктерін, әдеби құбылыстардың қоғамдық негізін, әдебиеттің даму заңдарын, әдебиеттік әдіснама, бағыт пен ағым, әдебиет тектері (жанр), оның түрлері, көркем шығарманың композициясы, тілі, өзіне тән ерекшеліктері, өлең құрылысы тәрізді мәселелерді қамтиды.

Оқыту нәтижелері

ON2 Коммуникативтік мақсатқа сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік қарым-қатынас жағдайларында тілдік құзыреттілік таныту.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1)Әдебиет процесі, әдебиеттің тектері мен түрлері, көркемдік әдіс, ағым, бағыттарды анықтау
- 2)Әдебиет тарихы, өнердің қоғамдық функциясы, туындының болмыс-бітімі, әдеби жанр, көркемдік әдіс, ағымдар, стиль мәселесі туралы түсініктер қалыптастыру
- 3)Әдебиеттануға қатысты терминологиялық аппараттарды қолдану.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Абай әлемі

Журналистика тарихы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ басылымдарының жалпы көрінісі мен қызметі қарастырылады. Қазақтың ұлттық-демократиялық бағытындағы демократиялық баспа басылымдарының ерекшеліктерімен таныса отырып, екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі журналистиканың өзіндік сипатына талдаулар жасайтын болады. Социализм дәуіріндегі журналистикасының дамуы мен кеңестік тоқырау кезеңіндегі журналистикаға шолу жасай отырып тәуелсіздік жылдарындағы журналистикасындағы өзгерістерді сабақтастыра бағамдайды.

Пәнді оқыту мақсаты

Қазақ баспасөзінің бастапқы белгілері мен алғышарттары, алғашқы газет-журналдардың жарыққа шығуы мен ұйымдастырылуындағы ерекшеліктерді танып білу.

Оқыту нәтижелері

ON 4 Лингвистикалық ілімдер тарихы аясында тілдік заңдылықтарды, олардың теориялық негіздерін игеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1)Ежелгі ұлттық ақпарат тарату мен сақтаудың түрлері мен пішіндерін меңгеру, ежелгі төлтума ақпарат тарату құралдарына байланысты қалыптасқан терминдік атаудың мәні мен мазмұнын түсіну; ұлттық баспа ісі мен полиграфия өндірісінің дамуы туралы ақпараттар ала алу.
- 2)Ұлттық баспасөзді кәсіби деңгейге көтерген жеке тұлғалар шығармашылығымен таныс болу.

- 3)Алаш баспасөзінің ұлттық мүдде тұрғысынан саяси жүйені өзгерту пәрменділігі турасында білімдерін толықтыру

Пререквизиттер

Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

Постреквизиттер

Замансөз теориясы мен тәжірибесі

Журналистиканың құқықтық негіздері және медиасауаттылық

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

БАҚ заңының негізгі түсініктерін, БАҚ саласындағы мемлекеттік саясаттың кеңестік, посткеңестік, тәуелсіздік дәуірі сынды тарихи кезеңдерін біледі. Мемлекеттік органдардан ақпарат іздеу мен алудағы адам құқығының сақталу мәселелерімен таныс болады. Журналистің құқықтық мәдениетінің құндылығы мен мінез-құлық аспектілерін тани алады. Қазақстандық құқықтық журналистиканың ерекшеліктерімен таныса отырып, басылымдар мен хабарлардың бұқаралық аудиторияның құқықтық санасына ақпараттық-психологиялық әсерін ажырата білетін деңгей қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Журналистиканың құқықтық негіздерін оқыта отырып, студенттерді құқық тақырыбына жазуға бейімдеу, осы саладағы күрделі құбылыстардың қыр-сырын ашуға үйрету, құқық қорғау саласы ішкі құрылымдарындағы өзіндік ерекшеліктер мен басқа салаларға ұқсай бермейтін өзгешеліктері негізінде жаңа сипаттағы журналистер тік ізденістер қажеттілігін түсіндіру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Коммуникативтік мақсатқа сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік қарым-қатынас жағдайларында тілдік құзыреттілік таныту.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1)Журналистиканың құқықтық негіздерін әр түрлі жанрлар негізінде тану
- 2)Журналистиканың құқықтық негіздерін меңгере отырып, медиасауаттылық нормаларына дағдылану

3) Қазақстандық құқықтық журналистика ерекшеліктері мен құқықтық ақпараттарды тарату жолдарын меңгеру.

Пререквизиттер

Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

Постреквизиттер

Іскерлік және имидждік коммуникация

Абай әлемі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән тарихи фактілерді, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының идеялық-эстетикалық құндылықтарды қалыптастыратын философиялық-көркемдік негіздерін игерте отыра, студенттің өз пікірін айта білу, практикалық дағдыларды және адамгершілік, адалдық, көркем мінез сияқты адами қасиеттерді қабылдауды меңгертеді. Қазақ әдебиеті қаламгерлерінің данышпандық қырлары мен М.Әуезовтің Абай мұрасын зерттеу, насихаттаудағы рөлін, шығармаларының тарих, әдебиет, ғылым үшін маңызын айқындайды.

Пәнді оқыту мақсаты

Философиялық және дүниетанымдық болмыстың мағынасын қалыптастыру, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов шығармаларында көтерілген мәселелерді түсіну және алған білімді күнделікті өмір тәжірибесінде қолдану.

Оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына қатысты тарихи фактілерді, шығармалардың философиялық-көркемдік негіздерін талдайды
- 2) Абайдың философиялық-көркем шығармаларының гуманистік идеяларын практикада қолданады
- 3) Абай еңбектерінің әдебиет және ғылым тарихындағы орны мен маңызын бағалайды

Пререквизиттер

Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Өндірістік практика (1)

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Өндірістік практика (1) барысында білім алушылар университеттен алған теориялық білімдерін іс-тәжірибеде тереңдетіп, бекітеді және жан-жақты пайдалана біледі; базалық пәндер бойынша теориялық білімдерін іс-тәжірибелер арқылы нақтылай түседі. Кәсіби қызметіне қажет жалпы, жеке, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Кәсіби қызметті жүзеге асыруға қажетті білік-дағдылар мен тәжірибе қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ОН2 Коммуникативтік мақсатқа сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік қарым-қатынас жағдайларында тілдік құзыреттілік таныту.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Теориялық білімдерін іс-тәжірибеде тереңдетіп, бекітеді
- 2) Кәсіби қызметіне қажет жалпы, жеке, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырады.
- 3) Түрлі кәсіби қызмет түрлерін орындауға дағдыланады

Пререквизиттер

Оқу практикасы

Постреквизиттер

Өндірістік практика (2)

БАҚ хабарларын дайындау технологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән бойынша білім алушы БАҚ хабарларын дайындауда бағдарламалардың жасалу тәсілдері, құралдарымен таныс болады. Көрініс пен мәтіннің бірізділігін ажырата алады. Телевизияның дыбыстық бейне, көріністік бейне, көркем риторика, көркемдік құралдарын пайдаланудың қажеттілігін ұғынады. Телевизия техникасы және телевизиялық камераның ерекшелігін түсінеді. Камераны басқару, жарықтандыру, композиция, кадр құрылымы, монтаж, дыбыстық композиция технологияларымен жұмыс істеуге дағдыланады.

Пәнді оқыту мақсаты

Қазіргі ақпарат құралдарының бір саласы – аудиотехника жайында жан-жақты білім, мол мағлұмат береді. Студенттердің аудиотехникаға тән принциптер мен заңдылықтарды теориялық негізде меңгеріп шығуларын жолға қою.

Оқыту нәтижелері

ОН 5 Қазақ әдебиеті мен журналистика тарихының даму және қалыптасу сатылары, бағыттары және концепция мәселелерін түсіну, негізделген және қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтай алу.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Түрлі түсіру техникалары мен компьютерді игерулеріне басты назар аударылады.

Пререквизиттер

Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

Постреквизиттер

Заманауи медиатехнологиялар

Кеңестік кезең әдебиеті

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму процесімен жан-жақты таныстырып, әдебиеттің дамуы мен қазіргі әдебиеттің негізін салушылардың әдебиеттегі шығармашылығының орны, тарих пен әдебиет сабақтастығы, әдебиеттегі тарихи шындық мәселелерін қарастырады. Қазіргі қазақ прозасы жанрының көрінісі мен тақырыптық бағыттары поэзияның жаңа көркемдік қырлары мен драматургияның дамуы, әдебиеттану және әдебиеттану ғылымының жаңашылдық қырлары зерттеледі.

Пәнді оқыту мақсаты

Кеңестік кезеңдегі қазақ әдеби процесі даму барысы мен әдебиеттану ғылымының қол жеткізген табыстары негізінде әдебиет дамуын көрсету

Оқыту нәтижелері

ОН 4 Лингвистикалық ілімдер тарихы аясында тілдік заңдылықтарды, олардың теориялық негіздерін игеру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму барысы, ерекшелігімен таныс болу.
- 2) Көркем шығарманы талдаудың ғылыми негіздерін игеру
- 3) Әдебиеттің тағылымдық, көркемдік мәнін жан-жақты түсіну.

Пререквизиттер

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы

Постреквизиттер

Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті

Лингвоэкология және функционалды стилистика

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Лингвоэкологиядағы тілдік жағдаят пен оның проблемалық мәселелері, лексикалық қабаттардың толығы, түрлі әлеуметтік ортаның сөйлеу ерекшеліктері, жетістіктері мен кемшіліктері ескеріледі. Функционалды стилистикадағы әдеби тілдің функционалды стильдік тармақтары, тілдегі стилистикалық құралдар, олардың жүйесі қарастырылып, зерделенеді. Пәннің басты нысаны ретінде тілдік орта, тілдік тұлға, тіл тазалығы, сөйлеу мәдениеті, лингвомәдени мәселелер, тілдік құралдар, тіл нормасы т.б. қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Сөйлеуші тілінің экологиялық қырын зерттеу және функционалды стилистика туралы теориялық білім беріп, оларды іс-тәжірибеде қолдануға дағдыландыру.

Оқыту нәтижелері

ОН 6 Кәсіби қызметінде ақпараттық-коммуникациялық, когнитивтік технологияларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Мәтіндерге стилистикалық тұрғыдан талдау жасау.
- 2) Қалыпқа түскен мәтіндерді күнделікті өмірде және қоғамдық өмірдің сан саласында қолдану
- 3) Тілдік тұлғаның лингвоэкологиялық құзыреттілігін қалыптастыру.

Пререквизиттер

Қазақ тілінің сөзжасамы

Постреквизиттер

Прагмалингвистика

Өндірістік практика (2)

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Өндірістік практика (2) кезінде білім алушылар заманауи технологияларды пайдалана алу дағдыларын қалыптастырады, кәсіби қызметіне қажет икем-дағдыларын жетілдіріп, оны іс жүзінде сауатты қолдана алады. Шығармашылық ізденіс пен

теориялық білімді тоғыстырады. Сапалы кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін филолог-журналист ретінде өз дағдыларын қолдана біледі. Білім алушының ақпараттық, коммуникациялық, кәсіби іскерлігін дамытып, арнайы технологияларды пайдалана білуге бағыттайды.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушының ақпараттық, коммуникациялық, кәсіби іскерлігін дамытып, арнайы технологияларды пайдалана білуге үйрету.

Оқыту нәтижелері

ОН 7 Лингвистика саласының негізгі нормаларын, даму бағыттарын меңгере отырып, кәсіби қызметінде теориялық білімін прагматикалық тұрғыдан қолдану

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Білім алушылар заманауи технологияларды пайдалана алу дағдыларын қалыптастыру

2) Шығармашылық ізденіс пен теориялық білімді тоғыстыра білу

3) Кәсіби қызметіне қажет икем-дағдыларын жетілдіру

Пререквизиттер

Өндірістік практика (1)

Постреквизиттер

Өндірістік практика (3)

Академиялық жазба мәдениеті

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән білім алушыға ғылыми жанрдың түрлерін (эссе, мақала, тезис, аңдатпа, абстракт, жоба т.б.) құрылымдық, мазмұндық, техникалық тұрғыдан рәсімдеуді үйрете отырып, ауызша және жазбаша ғылыми дискурс ерекшеліктері мен олардың әрқайсысының өзіндік ережелерін меңгертеді. Академиялық лексиканы орынды қолдану ережелерімен таныса отырып, дереккөздерді іздеуге дағдыланады. Технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін, атап айтқанда, когнитивтік технологияны пайдалануды игереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Қазақ филологиясы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын өз бетінше жүргізу және оны тиімді де сауатты ұсына алу құзыреттілігін қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Мамандықтың іргетасын құрайтын пәндер бойынша базалық білімді меңгеріп, оны іс-тәжірибеде қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Ғылыми жанрдың түрлерін құрылымдық, мазмұндық, техникалық тұрғыдан рәсімдеу

2) Білім алушылар ғылыми мәтіндерді оқып түсінуге, сауатты жазуға мүмкіндіктерінің болуы.

3) Ауызша және жазбаша ғылыми дискурс ережелерін меңгеру.

Пререквизиттер

Қазақ тілінің синтаксис жүйесі

Постреквизиттер

Жалпы тіл білімі

Қазіргі ғылым және электронды БАҚ-тың өзекті мәселелері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	4
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Заманауи ғылымның негізгі мәселелері мен тенденцияларын түсіне отырып, электронды БАҚ-тың өзекті мәселелерін жан-жақты тану.

Пәнді оқыту мақсаты

Заманауи ғылымның негізгі мәселелері мен тенденцияларын түсіне отырып, электронды БАҚ-тың өзекті мәселелерін жан-жақты тану.

Оқыту нәтижелері

ОН 9 Тіл білімі мен әдебиеттің тұжырымдамалық және теориялық негіздеріне талдау жасай алу және оның жалпы ғылым мен құндылықтар жүйесіндегі орнын бағамдау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Әр түрлі аспектілерді ескере отырып, Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының жан-жақты сипаттамаларына бағдарлау қабілетін көрсетеді.

Қарым-қатынас процестерін қазіргі заманғы көрінісінде басқару қабілетін танытады.

Өз медиа-жобаларын, медиа-өнімдерін құру кезінде технологияларды басқарады

Пререквизиттер

Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі

Постреквизиттер

Өндірістік практика (3)

Жалпы тіл білімі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	4

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән мазмұны жалпы тіл білімі ғылымының негізгі нысанына енетін тіл теориясы, тілдің табиғаты мен мәні, тіл мен сөйлеу, тілдің қоғаммен байланысы, тілдің қалыптасуы және дамуы, лингвистикалық мектептер мен бағыттар, олардың өзіндік қалыптасу ерекшеліктері, лингвистикалық талдаудың әдістері мен тәсілдері, тілдің даму заңдылықтары туралы түсінік қалыптастырып, алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алуға дағдыландырады.

Пәнді оқыту мақсаты

студенттерді қазіргі тіл теориясының негізгі тұжырымдарымен, тіл білімінің даму тарихымен, неғұрлым маңызды бағыттармен, зерттеу әдістемесімен таныстыру.

Сондай-ақ студенттің білімді өз бетінше игеруіне негізделеді. Семинар сабақтары студенттің ойлау қабілетін белсендіреді, берілген материалдарды толық меңгеруге, ұғынықты етіп талдауға көмектеседі.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Мамандықтың іргетасын құрайтын пәндер бойынша базалық білімді меңгеріп, оны іс-тәжірибеде қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Қазіргі тіл теориясының негізгі тұжырымдарымен, маңызды бағыттарын түсіну

2. Тілдің даму заңдылықтары туралы түсінік қалыптастыру

3. Жалпы тіл білімі пәні бойынша зерттеудегі жаңа әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану

Пререквизиттер

Мамандыққа кіріспе

Постреквизиттер

Өндірістік практика (3)

Коммуникациялық менеджмент: жарнама, PR

Пән циклі

Бейіндеуші пәндер

Курс

4

Академиялық кредит саны

5

Білімді бақылау нысаны

Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән бойынша білім алушылар ұйымдағы коммуникациялар арқылы іскерлік келіссөздер жүргізу, менеджер қызметі мен бизнес дискурсын қалыптастырумен танысады. Коммуникациялық процесті ұйымдастырудың принциптері, құралдары, технологияларын біледі. Қоғаммен байланыстың қажеттілігі мен қарым-қатынас орната білу тиімділігін тани алады. Жарнама маркетингі мен менеджментінің бүгінгі нарықтағы көрінісіне талдаулар жасалады. Маркетинг: баға қалыптастыру мәселері, жарнама мен оны өткізуді ынталандыру қызметтері туралы мағлұматтар беріледі.

Пәнді оқыту мақсаты

Маркетингтің жарнамалық ерекшеліктері, жарнама және қоғамдық қатынастар. Маркетингтің ұқсастығы мен айырмашылығы.

Оқыту нәтижелері

ОН 5 Қазақ әдебиеті мен журналистика тарихының даму және қалыптасу сатылары, бағыттары және концепция мәселелерін түсіну, негізделген және қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтай алу.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1) Коммуникация жағдайында: ынтымақтастық, өзара байланыс жасай білуі.

2) Жылдамдық, жеделдік, шешімдер қабылдауға дағдалану

3) Қызметтерді басқару, бастамашылық құзыреттіліктерін қалыптастыру

Пререквизиттер

Іскерлік және имидждік коммуникация

Постреквизиттер

Өндірістік практика (3)